



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№ 15 (1857) Жұма, 18-сәуір 2025 жыл Республикалық қоғамдық-саяси газеті

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚАЗАҚ ЖАУЫНГЕРІНІҢ ҚАЙСАРЛЫҒЫНА БҮКІЛ ӘЛЕМ КУӘ



Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық бітімгерлік құрам сапында табысты қызмет атқарып, халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға зор үлес қосқан офицерлермен және сарбаздармен кездесті. Президент елімізге жүктелген жауапты міндетті жоғары деңгейде атқарып келген әскерилер ерлік пен батылдықтың озық үлгісін көрсеткенін, сол арқылы Ұлттық армиямыздың, тұтас мемлекетіміздің беделі көтерілгенін атап өтті.

— Бітімгер болу — бейбітшіліктің елшісі болу деген сөз. Бұл — үлкен абырой әрі зор жауапкершілік, нағыз ержүрек жауынгерлердің қолынан келетін іс. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Қазір әлемдегі жағдай аса күрделі екенін білесіздер. Түрлі қақтығыстар болып жатыр. Әкінішке қарай, оның бәрін келіссөз арқылы шешу мүмкін болмай тұр. Мұндай кезде бітімгерлік миссиялары айрықша рөл атқарады. Қазақстан — бейбіт ел. Біз әлемде тұрақтылық орнатуды көздейтін барлық бастаманы қолдаймыз, — деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Президенттің айтуынша, еліміздің қарулы күштері 2014 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік қызметіне өз үлесін қосып келеді. 80 азамат байқаушы және штаб офицері ретінде бірнеше миссияға атсалысып, 700-ге жуық әскери қызметші БҰҰ-ның арнайы операцияларына қатысқан. Мемлекет басшысы олардың ішінде Әлия мен Мәншүктің, Хиуаздың жолын жалғаған жаяуерек арулар да бар екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген ел бітімгерлік күштерге қосылуға ұмтылатынына, бірақ бәріне бірдей сенім артыла бермейтініне назар аударды. Қазақстанға осындай мүмкіндік беріліп отырғанын, бұл ретте ұлттық армиямыз былтыр тағы бір тарихи қадам жасағанын айтты.

— Қазақстан алғаш рет бітімгерлік міндетін дербес орындауға кірісті. Голан жоталарындағы операция аясын-

да Біріккен Ұлттар Ұйымымен қарым-қатынасымыз мүлде жаңа деңгейге көтерілді. Біз толыққанды бітімгерлік күштері бар елдердің қатарына қосылдық. Қазақстан — осы салада мол тәжірибе жинақтаған Орталық Азиядағы бірден-бір мемлекет, — деді Президент.

Жоғарғы Бас қолбасшы сарбаздарды маңызды миссияларға даярлау ісіне айрықша назар аударды. Оның айтуынша, аз уақыт ішінде әскери қызметшілерді түрлі дағдыларға бейімдеп, оларды халықаралық стандарттарға сай құрал-жабдықтармен түгел қамтамасыз ету үшін сапалы жұмыс атқарылды.

— Бұл әскеріміздің аса күрделі міндеттерді орындауға қабілетті екенін көрсетеді. Сіздер Сирия дағдарысының шешуші сәтінде ұтымды әрі батыл әрекет жасадыңыздар. Қазақстан армиясының кәсіби деңгейі жоғары екенін дәлелдеп бердіңіздер. Сол күндері қазақ жауынгерінің асқақ рухы мен қайсарлығына бүкіл әлем куә болды. Сіздер қауіпті аймақтарда жұмыс істеп, ерен ерлік көрсетіп, мол тәжірибе жинап келдіңіздер. Енді осы тәжірибені бөлісіп, басқа да әскери қызметшілерді үйрету қажет. Бітімгерлік миссия кезінде меңгерген жаңа дағдыларды еліміздің әскер даярлау жүйесіне енгізу өте маңызды, — деді Мемлекет басшысы. Қазір еліміздің 158 азаматы Африка

және Таяу Шығыс аймағында бітімгерлік қызметте жүр. Болашақта Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында өтіп жатқан басқа да миссияларға қатысуды жоспарлап отырмыз. Осылайша, Қазақстан жер жүзіндегі бейбітшілік пен келісімді нығайтуға белсенді түрде атсалыса бермек.

— Қарулы күштер — еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің басты тіректерінің бірі. Ең алдымен, сарбаздары мен офицерлерінің рухы асқақ, кәсіби деңгейі жоғары, жауынгерлік машығы мінсіз, тәртіп пен тазалықты мүлтіксіз сақтайтын әскер қуатты болады. Армия — қайсарлыққа баулитын, жігерді жанытын нағыз мектеп. Сіздер азаматтық борыш пен әскери антқа адалдық танытып, шынайы патриотизмнің үлгісін көрсеттіңіздер. Мінсіз қызметтеріңіз өскелең ұрпаққа өнеге. Мемлекет басшысы ретінде мен қауіпсіздік және құқық қорғау саласына әрдайым айрықша көңіл бөлемін. Жақында Ақордада арнаулы жасақтар арасындағы беделді халықаралық жарыстан жүлдемен оралған күштік құрылым қызметкерлерін марапаттадық. Жалпы, әскери бөлімдер мен күштік құрылымдардың беделі мен даярлық деңгейі едәуір өсті. Құқық қорғау және арнаулы органдар қылмыспен күресте, терроризм мен есірткі бизнесінің жолына тосқауыл қоюда тиімділігін көрсетіп келеді. Алайда босаңсуға мүлде болмайды. Алдымызда мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайту міндеті тұр, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан өмір сүруге қолайлы және қауіпсіз ел болуға тиіс деп санайды. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті шара қабылданып жатыр.

— «Заң мен тәртіп», отаншылдық пен жауапкершілік — әскери қызметшілерге ғана емес, еліміздің барлық азаматтарына ортақ аса маңызды құндылықтар. Осы жасампаз қасиеттер қоғамда жан-жақты дәріптелуі тиіс. Себебі біз қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әскери қызметшілерге жауынгерлік міндеттерін мінсіз атқарғаны үшін тағы да алғыс айтып, оларға тілекші болған жақындары мен отбасыларына ризашылығын білдірді.

— Қазақта «Ердің ісі — елдің ісі» деген сөз бар. Сіздер елдік пен ерліктің туын биік ұстап жүрсіздер. Алдағы уақытта да қасиетті Отанымызды қорғап, табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Армиямыздың айбыны арта берсін! Еліміз аман, әскеріміз қуатты болсын! — деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы әскери борышын үлгілі атқарғаны, Біріккен Ұлттар Ұйымының Голан жоталарындағы бітімгерлік миссиясын жүзеге асыру барысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ әскери қызметшіні мемлекеттік наградалармен марапаттады.

www.akorda.kz

Ш. УӘЛИХАНОВҚА —
190 ЖЫЛ



ҰЛЫ ШОҚАН БАСЫНДА

(Ұлы ғалымның қайтыс болған күніне орай, ескі жыл санау бойынша — 10 сәуір, жаңаша жыл санау бойынша — 22 сәуір)

Шоқанның ұлылығы ілімінде, Тұла бойы тұнып тұрған білімінде. Оннан астам тілде оқып, зерделеген, Әр халықтың жадында, жүрегінде.

Жас ғұлама отыз жас ғұмыр кешті, Әр саланың беймәлім сырын шешті, Жиырма шақты ғылымды игергенін Мойындаған ғалымдар «дана» десті.

Қараша — ұлы ғалым туған айы, Сәуірде қайтыс болған, басты қайғы. Мекені мәңгілікке тұрақтаған, Көшентөған — Алтынемел баурайы.

Рухына әл-Фатиха арыстардың, Басына бір барыңыз данышпанның. Ұғарсың оқып көрсең еңбектерін, Ұшқыр қиял, біліммен жарысқанын.

Ең алғаш «қазақ» деген жазды сөзін, Қырғыздан бөлек халық, жетті көзің. Сан қырлы өңбектері таңғажайып, Оқып көр, тыңдамай-ақ ешкімді өзің.

Шоқан деген қазақтың мақтанышы, Аса бай мұрасы оның, сақтаңызшы. Адамзатты сүйіп өткен ұлы ойшыл, Адамзаттың мәңгілік шамшырағы!

Бағдат АҚЫЛБЕКОВ,
Талдықорған қаласы

«Талдықорған - 2025»
бөйге жарысы

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары және қала қонақтары!

19 сәуір күні

Бөйге маусымының ашылуы

сағат **10:00**-де.

Талдықорған ипподромында өтеді.

Бағдарлама барысында:

- ▶ Аламан бөйге — 18 шақырым,
- ▶ Құнан бөйге — 7 шақырымды құрайды.
- ▶ Жүлде қоры: 4 000 000 теңге.

Қосымша ақпарат алу үшін
8 705 440 79 68.



ОБЛЫС ТЫНЫСЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ТӘЖІКСТАНМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУДЕ

Жетісу облысы әкімінің орын-басары Әсет Қанағатов Тәжікстан Республикасының Қазақстандағы елшілігінің сауда өкілі Олимджон Ашурзодамен кездесті. Басқосуда қос тарап екіжақты экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады.

Кездесу барысында Ә.Қанағатов аймақтың инвестициялық әлеуетіне кеңінен тоқталды. Атап айтсақ, ауыл-шаруашылығы, өнеркәсіп, логистика және транзит салаларына, «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағының мүмкіндіктеріне баса назар аударды. Сондай-ақ облыс әкімінің орынбасары екінші жартыжылдықта Жетісу өңірінде



бизнес-форум өтетінін мәлімдеп, оған Тәжікстанның іскер топ өкілдерін қатысуға шақырды.

Өз кезегінде Олимджон Ашурзода екіжақты ынтымақтастықтың ықтимал бағыттарына тоқталып, аймақтың

экспорттық әлеуеті туралы бірқатар сұрақтар қойды. Атап айтсақ, тәжік кәсіпкерлерінің аймақтағы зауыттармен тікелей келісімшарт жасасу мүмкіндігіне қызығушылық танытты. Сондай-ақ, Жетісуда шекаралық ынтымақтастықтың орасан зор әлеуеті бар екенін тілге тиек етіп, бұл бағыттағы қарым-қатынастарды дамытуға ниет білдірді.

Кездесу соңында әлеуетті инвесторлар мен іскер серіктестерді табуға бағытталған бірлескен іс-шараларды өткізу туралы ұсыныстарды қолдап, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге дайын екендігін жеткізді.

Айта кетейік, Жетісу облысы мен Тәжікстанның сыртқы сауда айналымы 2024 жылы 8,3 млн. АҚШ долларын құрады.



81 МЕДИЦИНА МЕКЕМЕСІ САЛЫНАДЫ

Жетісу облысы құрылғаннан бері медициналық-санитарлық алғашқы көмек нысандарымен 81 елді мекен қамтылды, ал дәрігер мамшылығы 20,3%-ға төмендеді. Биыл тағы 72 елді мекенге жаңа медициналық мекемелер бой көтереді.

Облыс құрылғалы бері өңірде Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылында 250 орынға арналған емхана, Көксу ауданы Ақшатаған, Еңбекшіқазақ ауылдарында, Алакөл ауданы Қамысқала ауылында, Панфилов ауданы Шешін ауылында 4 фельдшерлік-акушерлік пункт, Ақсу ауданы Сағабұйын ауылында дәрігерлік амбулатория, Алтынарық ауылында медпункт салынды. Сол сияқты 58 блок-модульді кешен орнатылды, соның ішінде республикада тұңғыш рет Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылында және Панфилов ауданының Жар-

кент қаласында блок-модульдік конструкцияны қолдана отырып тұрғызылған жедел және шұғыл медициналық көмек қосалқы станциясы да бар. Осындай нысандар биыл тағы 4 ауданда – Қаратал ауданының Үштөбе қаласында, Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылында, Көксу ауданының Балпық би ауылында, Текелі қаласында бой көтереді.

«Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы шеңберінде 15 нысанның құрылысы аяқталып, тағы 44-інің құрылысы жалғасуда. Сонымен қатар Қаратал ауданы Үштөбе қаласында демеушілер есебінен 50 орынды дәрігерлік амбулатория бой көтерді.

3 жыл ішінде 7 нысанға күрделі жөндеу жүргізілді. Биыл тағы 7-еуі күрделі жөндеуден өткізіледі. Денсаулық сақтау саласында бейімделген ғимараттардың саны 209-дан 127-ге қысқарды. Биыл бейімделген немесе жалға алынған ғимаратта отырған 72 медициналық мекеме үшін жаңа нысандар салынып, жабдықтау жоспарланған. Оған қоса биыл Талдықорғанда инвестор компанияның қаржысына 200 орынды заманауи онкологиялық диспансердің құрылысы басталады.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес республикада алғашқы болып өңірдегі ауылдық жерге жұмысқа келген дәрігерлерге 10 млн. теңгеден, қалалық жерге 5 млн. теңгеден бір реттік көтермеақы беру жүйесі енгізілді. Былтыр көтермеақы 75 дәрігерге төленді, оның 24-і ауылдық жерде, 51-і қалалық жерде жұмыс істейді. Осындай шаралардың арқасында облыста кадр тапшылығының саны 202-ден 161-ге, яғни 20,3%-ға төмендеді.

Жалпы облыстағы медицина нысандарының базасында кардиохирургия, онкология бойынша күрделі операциялар жасалуда. Облыстық кардиологиялық орталықта бүгінгі күні жоғары технологиялы медициналық көмектің 20 түрі көрсетіледі. Өткен жылы мұнда 380 ота жасалса, биыл тағы 450-ден астам ота жасалады деп күтілуде.

Айта кетсек, Балшекер Тайжанова – нағыз қарапайым еңбек адамы. Олар туралы ел Президенті: «Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деген болатын.

Жас кезінде Балшекер апа қызылша алқабында жұмыс істеді. Кейін сауыншы болып, күніне 44 сиыр сауды, мал бақты. Лайықты демалысқа шыққаннан кейін ол туған ауданының дамуына, жастарды тәрбиелеуге үлес қосып, жалғастырды. Көп балалы ана жұбайымен бірге жеті бала тәрбиелеп өсірді. Қазір 22 немересі, 44 шөбересі бар.

Жалпы Жетісу облысында Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу аясында соғыс ардагерлеріне, мүгедектеріне, оларға теңестірілгендер мен тыл еңбеккерлеріне кешенді әлеуметтік қолдау көрсету көзделген.

– Биылғы жылы өңірде Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу құрметіне Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген 3 215 адамға біржолғы материалдық көмек көрсетуге 393,8 млн.теңге бөлінді. Бұл ретте майдангерлерге 5 млн. теңгеден төленетін болады. Жанқиярлық еңбегі үшін берілген наградлары бар тыл қызметкерлеріне 100 мың теңгеден төленеді. Материалдық қолдаудан басқа ҰОС қатысушылары мен мүгедектері үшін коммуналдық шығындарға ай сайынғы етемақы түрінде жеңілдіктер беріледі, ардагерлер техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ жылына бір рет тегін санаторлық-курорттық жолдамалар алады. Атап айтқанда, биыл өңірде 243 ардагерге санаторлық-курорттық емделуге 50 млн. теңге бөлінді, – деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев.

Жалпы Жетісу облысында Ұлы Отан соғысына тікелей қатысушы 2 ардагер бар. Олар Төлеубай Чектыбаев пен Ысқақ Құсайынов, ардагерлер бүгінде 100 жастан асты. Сол сияқты 1598 тыл еңбеккерлері тұрады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ



Жетісу облысы прокуратурасының бастамасымен облысымызға мемлекет және қоғам қайраткері, тіл жанашыры, ұлағатты ұстаз Оразқұл Асанғазықызы арнайы келіп, Талдықорған қаласында және аудандарға жылы жүздесулер ұйымдастырылуда.

Талдықорған қаласының Ілияс Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында өткен отбасы құндылықтарын насихаттау, зорлық-зомбылықтың алдын алу, ұрпақты салт-дәстүрлерді құрметтеуге үндейтін шараға шаһар тұрғындары, зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер, ақ

жаулықты әжелер, жастар қатысты.

Қазақ халқы ежелден жетімді жылатпай, жесірді қаңғытпай, үлкенге-құрмет, кішіге-ізет білдіріп, қариясы бар үйді қазыналы, баласы бар үйді берекелі шаңыраққа теңеген. Өйтседе, бүгінгі таңда тірі жетімдер мен тірі жесірлер көбейіп, бала әкесіз, қарттар қараусыз қалып, отбасы құндылығы құрдымға кетіп жатқаны жасырын емес. Өзегіңді өртер қоғамдық дертпен күрес жүргізу үшін арнайы заң қабылданып, жұмыс істеліп жатқанымен осы орайда әріне, оның алдын алу, жастарды ұлттың, отбасының құндылықтарын дәріптеуге баулу аса маңызды. Жас толқынның бойына өнегелі тәрбие сіңіруде аға буынның берері мол. Тағылымға толы кездесуде Оразқұл Асанғазықызы бақытты отбасын құрудағы өкениң орны, аналардың рөлі, отбасы берекесі, бала тәрбиесі, қазақтың тілі, ділі туралы ағыла ақтарылды, әсерлі әңгімеледі. Елдің әр аймағында жұмыс істеген жылдарындағы өмірлік тәжірибесі мен естеліктерін, аналық кеңестерін әр тыңдаушының жүрегінен жол таба отырып жеткізе білді. Тәлім-тәрбиелік мәні зор, шаңырақтың бақыт кілтін қалай табуға болатынын жастарға насихаттайтын осындай шаралардың маңызы өте жоғары. Баланы ана емес, телефон тәрбиелеп жатқан кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Бала тұрмақ үлкендердің өзі қолымыз қалт етсе, кітапқа емес, телефонға телміреміз. Себебі, өркениеттер тоғысында өмір сүріп жатқан қазақ халқы да осы үрдіске араласуға мәжбүр. Бірақ, қазақтың тілі мен ділі, дәстүрі мен танымы, тасқа қашалған тарихы, әдебиеті мен мәдениеті жоғалмайды. Оған араша болар тұлғалар аз емес. Оразқұл Асанғазықызы сынды халқымыздың қаймақтары жалындап жатқан рухты жастарымызға үлгі болып, болашағына сәуле шашады.

Кездесу соңында Оразқұл Асанғазықызының «Отбасы берекесі» кітабының тұсауы кесіліп, қоғам қайраткеріне құрмет көрсетілді. Кітап автордың өз өмірі мен тәжірибесіне сүйеніп жазылған. Жастарға отбасын құрудың жауапкершілігін, оның берекесі, нәміз бекемдігін сақтаудың нұсқаулары ұлттық құндылықтар мен заман ағымына сай өрілген. Көпшілік оқырманға арналған туынды Абай ақынның: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң – Алланың сүйген құлының бірі боласың»– деген алғысөзбен ашылған. Қазақстан Республикасы Конституциясының бірінші бабында: «Егемен еліміздің ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құндылықтары мен бостандығы» екені жазылған. Демек, «Қазақстан» атты ортақ отанымыздың басты байлығы – Адам! Ал адам баласының өмірдегі ең бағалы құндылығы не десек – бұл оның отбасы. Данаалықпен сусындағын қазағымның – «Отан отбасынан басталады» деп айтуы бекер емес. Себебі халқымыз «отбасы бүлінсе, ел бүлінеді» деп сенген. Сондықтан шаңырақтың шайқалмауын қадағалап отырған. Тіпті баршамызға белгілі «Жеті жарғы» заңдар жинағында «Отбасы және Неке» заңы бөлек қаралып, ерлі-зайыптының татутәтті ғұмыр кешуіне бар жағдайын жасаған. «Отбасы» ұғымының өзі «оттың басы» дегенді білдіреді. Яғни, отбасы бұл-ең жылы,ең жайлы, адам үшін ең жақын әлеуметтік орта және отбасының беріктігі-бүкіл елдің жаңғыруының, береке-бірлігінің темірқазығы. Алайда, еліміздегі ажырасу көрсеткіштері, жастардың отбасын құруға деген ықыласының азайып жатқаны қоғамдағы отбасы институтына кері әсер етуде. Бұл жағдай бүгінде біздердей аға буын өкілдерін алаңдатып отырғаны рас. Мәңгілік ел болудың қазығы-өнегелі яғни, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мәуелі бәйтеректей мықты отбасылардан басталады. Сөз басын Абай сөзімен бастауымның да мәні осында. Өрқайсымыздың адамшылық қарызымыз бар, соны өтеу жолында өнімді еңбек етіп, өскелең ұрпаққа үлгі көрсеткеніміз дұрыс. Хакім Абай алғашқы қара сөзінде: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ»,- деп бастайды емес пе? Мен де осы ойды арқау етіп, өмірлік тәжірибеме әрі өмірден білген-түйгеніме, алған білім-білігіме сүйене отырып, «Отбасы берекесі» атты кітап жазуға бекіндім. Бұл кітапта жастар үшін отбасын құрудың алғышарттары,шаңырақ шаттығын сақтаудың амалдары мен жас ұрпақ тәрбиесі тақырыптары ұлттық құндылықтарымызға, салт-дәстүріміз бен заман қажеттілігіне сай жазылған,-дейді Оразқұл Асанғазықызы.

Гүлжанат НҰРШАНОВА.



ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІНЕ – ДӘРІГЕРЛІК КӨМЕК

Жетісу облысында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу аясында 9 мамырға дейін созылатын денсаулық айлығы басталды. Тегін медициналық тексерулер мен консультациялық-диагностикалық көмек емханаларда да, үйде де ұйымдастырылуда. Дәрігерлердің мобильді бригадалары аталған шарада 1500 астам тыл ардагерін қамтуды жоспарлап отыр.

Мәселен, жуырда құрамында хирург, терапевт және невропатолог мамандары бар медициналық бригада Ескелді ауданы Жетісу ауылында тұратын тыл еңбеккері Балшекер Тайжановаға барды.

Жасы ұлғайғандықтан ардагерге ауруханаға бару қиынға соғады. Сондықтан медицина қызметкерлері тұрақты түрде үйде көмек көрсетеді. «Біз ардагерге жылына бірнеше рет келіп тұрамыз. Ол үлгілі пациент, біздің айтқан ақыл-кеңестерімізді әрдайым уақтылы орындайды», - дейді Ескелді ауданының орталық аудандық ауруханасының меңгерушісі Саят Тікенбаев.



КО ДНЮ ЕДИНСТВА В ЖЕТИСУ ОТКРОЮТ АЛЛЕЮ АНК

На днях в области Жетісу прошло заседание областного Совета Ассамблеи народа Казахстана под председательством главы региона Бейбита Исабаева. В ходе совещания были обсуждены вопросы участия в предстоящей XXXIV сессии Ассамблеи народа Казахстана, а также планы мероприятий, проводимых в регионе в рамках 30-летия АНК.



Отметив, что за прошедшие десятилетия Ассамблея стала важным институтом гражданского общества, Бейбит Исабаев остановился на проектах, реализуемых АНК и направленных на решение социальных вопросов.

К примеру, с прошлого года в регионе действует благотворительный центр «Жомарт жан». За небольшой период его работы в рамках благотворительных акций «Караван добра» и «Дорога в школу» в области помощью охвачено свыше 7 тысяч малообеспеченных и многодетных семей на сумму свыше 30 млн тенге. А в Каратальском районе с октября прошлого года благодаря поддержке корейской этнокультурного центра, областной Ассоциации корейцев и республиканского фонда «Наследие диаспоры» к природному газу на безвозмездной основе подключено 70 жилых домов, в которых проживают малообеспеченные семьи, пожилые люди и матери-одиночки. Совместно с Советом деловых женщин и меценатами ведется работа по опеке воспитанников областного детского дома «Айналайын», а также женщин в Домах матерей и кризисных центрах, оказавшихся в трудной жизненной ситуации. Регулярно оказывается помощь пожилым людям и участникам ВОВ.

Такая работа наглядно показывает, как Ассамблея не словом, а делом вносит вклад в укрепление единства и согласия, оказывая поддержку жителям региона. Между тем в рамках 30-летия Ассамблеи народа Казахстана в нашей области запланировано проведение более 70 различных мероприятий. Кроме того, в преддверии Дня единства народа Казахстана мы планируем провести спортивный забег «Бірлік жүгірісі», а также церемонию открытия аллеи Ассамблеи народа Казахстана, - отметил Б. Исабаев.

Выступившие в ходе заседания общественный заместитель Ассамблеи народа Казахстана области, председатель «Областного русского центра» Лариса Котельникова, ректор Жетісуского университета им. И. Жансугурова Ермек Бурибаев, а также представители молодежного крыла Ассамблеи Екатерина Подгорнова и Молутжан Тохтахунов рассказали о проделанной работе, а также подробно остановились на запланированных в рамках 30-летия АНК мероприятиях.

В частности, «Ассамблея жастары» подготовлен эскиз мурала, посвященный юбилейной дате, для размещения на стене одного из многоквартирных домов возле Дворца языков в Талдыкоргане. Также презентована концепция фильма, ведется работа над изданием книги. При этом во всех этих процессах активное участие принимают члены АНК и этнокультурные центры региона.

Резюмируя встречу, аким области Бейбит Исабаев отметил, что тесное сотрудничество областной Ассамблеи с местными исполнительными органами позволяет решать многие значимые задачи, а также вкратце остановился на основных направлениях социально-экономического развития региона.

Со дня образования области Жетісу достигнуты серьезные успехи в сфере газификации региона, строительстве жилья, школ, объектов здравоохранения, ветеринарных пунктов, в вопросах развития инфраструктуры в целом. Сейчас мы имеем конкретный план социально-экономического развития области на ближайшие 2-3 года с определением источников финансирования. Как подчеркивает Президент, население в первую очередь волнует решение конкретных текущих вопросов, а не долгосрочные планы. За годы своей деятельности Ассамблея народа Казахстана стала важнейшим институтом, наглядно продемонстрировавшим свою эффективность не только в вопросах сохранения общественного согласия, единства и стабильности, но и в решении социально значимых задач. Уверен, что, приняв активное участие в предстоящей XXXIV сессии Ассамблеи народа Казахстана, представители областной АНК, этнокультурных центров региона продолжат вносить свою значимую лепту в развитие региона, - сказал Б. Исабаев.

В завершение заседания группе представителей этнокультурных центров, общественных деятелей, ветеранов труда, молодых лидеров были вручены юбилейные медали «30 лет Ассамблее народа Казахстана».

Пресс-служба акима области Жетісу
Фото Жениса ЫСКАБАЯ

ЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ОТОПИТЕЛЬНЫЙ СЕЗОН ПРОШЕЛ В ШТАТНОМ РЕЖИМЕ

В результате своевременно принятых мер и соответствующего контроля отопительный сезон в области Жетісу прошел в штатном режиме и находится на завершающей стадии.

Как сообщили в управлении энергетики и жилищно-коммунального хозяйства, в период прохождения отопительного сезона все теплоснабжающие предприятия и объекты бюджетной сферы области были обеспечены нормативным запасом топлива. На объектах жизнеобеспечения, образования, здравоохранения и социальной сферы соблюдался температурный режим, чрезвычайных и внештатных ситуаций не было.

В целях бесперебойного прохождения отопительного сезона 2024-2025 годов был проведен ремонт 2 турбин, 40 котлов, 13,5 км тепловых, 1,1 тыс. км электрических сетей и 134 трансформаторных подстанций. Данные работы позволили снизить средний износ тепловых сетей с 50% до 47% и линий электропередач - с 85,2% до 82,8%.

ИНФРАСТРУКТУРА 70% ТАЛДЫКОРГАНЦЕВ ПОДКЛЮЧЕНЫ К ГАЗУ

В областном центре Жетісу 99% населения имеют доступ к природному газу. В городе насчитывается всего 54,4 тыс. абонентов. В прошлом году к газу подключились около 4 тыс. абонентов, в результате количество пользователей голубым топливом достигло более 38 тыс. или 70%. Среди них не только жители многоквартирных и частных домов, но и промышленные предприятия, коммунально-бытовые объекты.

Если в 2023 году к газу подключены дачный массив Уйтас, микрорайоны «Жастар-2» и «Ынтымак», то в 2024 году завершились строительство 23,9 км газовых сетей в селе Мойнак и проект «Талдыкорган қаласы газ тарату желілерінің құрылысы 22-а қосылу

Проведена реконструкция 2,9 км тепловых сетей по улицам Дарабоз ана, Абая, Кабанбай батыра, Балпык би, Төлебаева и Алдабергенова, что позволило переподключить объекты центральной части города и микрорайона «Каратал» к квартальным котельным №2 и №3. В результате нагрузка на котельную «Баскуат» снизилась на 12% или 22 Гкал/ч.

Ведется строительство котельной мощностью 49 Гкал/час (стоимость – 11,1 млрд тенге) и газотурбинной станции на базе котельной «Баскуат» (I этап – 27 млрд тенге, электрическая мощность – 26 МВт, тепловая – 19 Гкал/час). Реализация данных проектов позволит разгрузить котельную «Баскуат» еще на 30%. Строится и новая парогазовая установка мощностью 53 МВт в городе Текели на сумму 46,8 млрд тенге.

В целом, отметили в уполномоченном ведомстве, прохождение отопительного сезона находилось на постоянном контроле, ежедневно предоставлялись оперативные информации по запасам топлива, соблюдению температурных графиков, технологическим нарушениям на энергообъектах и теплосетях.

СТРОИТЕЛЬСТВО ЖД ВОКЗАЛ РЕКОНСТРУИРУЮТ В ОБЛАСТНОМ ЦЕНТРЕ

До конца текущего года железнодорожный вокзал в городе Талдыкорган пройдет реконструкцию.



Данный вокзал в областном центре построен в прошлом столетии, в 1940 году. И последний капитальный ремонт здесь проводился 20 лет назад. Модернизация же позволит изменить облик объекта и

создать комфортные условия для граждан, приобретающих билеты на поезда, в том числе и для людей с особыми потребностями.

По словам заместителя руководителя управления строительства области Санжара Кабдыбека, на сегодняшний день подготовлены эскизный проект вокзала, сметный расчет, заключение технической проверки. Также определен генеральный подрядчик, которым стало ТОО «Жөндеу-Құрылыс». Заказчиком проекта выступает АО «НК «Қазақстан темір жолы». Строительно-монтажные работы начались 14 апреля. В процессе их реализации приоритет будет отдан использованию материалов отечественного производства.

В целом в области Жетісу реконструируют еще 8 вокзалов. Капитальным ремонтом будут охвачены железнодорожные станции в селах Сарыозек, Лепси, Бескол, Жайпак, Акши, Коктума, Достык, город, Уштобе. В стране, в рамках общенациональной программы, модернизируют 125 вокзалов, больше 20 из них расположены в популярных туристических регионах.

Алма УРАЗАЕВА

ИЗ АРХИВА ТАЛДЫКОРГАН В ИСТОРИИ СТРАНЫ

Город Талдыкорган расположен в центре Семиречья, является одним из городов Казахстана, расположенных на Великом Шелковом пути, в живописной долине реки Каратал, которая в древности называлась Куркульдек. В эпоху средневековья на месте города простиралась сплошная степь, а сегодня это город с развитой инфраструктурой и интересной историей.

Заселение Талды-Курганской области русским населением началось в 1867 году. В 1920 году поселение переименовали в Талды-Курган («Ивовый курган»). Из архивных документов – центр Талды-Курганского района Алма-Атинского округа Казахской АССР. В 1944 году получил статус города. В 1944-1959 и 1967-1991 годах – центр Талды-Курганской области Казахской ССР. С

1991 по 1997 год – центр Талдыкорганской области Республики Казахстан. 4 мая 1993 года Постановлением Президиума Верховного Совета Казахстана транскрипция названия города Талды-Курган на русском языке была изменена на Талдыкорган. В 2001-2022 годах – центр Алматинской области. С 2022 года – центр новообразованной области Жетісу.

В 1991 году при распаде СССР страны Союза стали независимыми государствами. 16 декабря 1991 года Верховный Совет Казахстана принял закон «О независимости и государственном суверенитете». За годы независимости Талдыкорган, как и остальные города страны, приобрел новый облик. И сегодня продолжает расти и бурно развиваться, вписывая в свою историю новые страницы славных дел и свершений.

А. СМАНКУЛОВА,
архивист КГУ «Государственный
архив области Жетісу»

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



Сонымен қатар, абаттандыру жұмыстары басталған «Жетісу» шағын ауданын аралап, жауапты мамандарға сапаны басты назарда ұстау қажеттігін

ҚҰРЫЛЫСТЫҢ САПАСЫНА
БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУДЕ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл «Құлагер» шағын ауданында басталғалы жатқан бірқатар құрылыс нысандары жұмысымен танысты. Көркем гимнастикаға арналған спорт кешенінде де болды.

ескертті. Мұнда тұрғындардың сұранысына сай көлік тұрақтары да қарастырылған.

Қала әкімінің айтуынша, мақсат – құрылыс санына емес, сапасына басымдық беру. Ең бастысы – халық игілігіне арналған тың жобаларды жүзеге асыру.

БАСЫМ БАҒЫТ

СПОРТ – САЛАУАТТЫ ӨМІР КЕПІЛІ

Жаннұр ӘБІШЕВ,
«Талдықорған қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ басшысы:

— Талдықорған қаласының бұқаралық спортын дамыту бағытында жұмыстар жүйелі атқарылуда. Қала тұрғындарының спортпен айналысуына барлық жағдай жасалған. 182 спорттық құрылым жұмыс істейді, мұнда 1041 штаттық қызметші еңбек етеді. Атап айтқанда, 3 стадион, 2 спорт сарайы, 7 спорт кешені, 2 футбол манежі, 3 ату тирі, 15 хоккей қорабы, 129 жазықтық құрылым, 8 теннис корты, 1 ипподром және 8 бассейн бар. Сонымен қатар, қалада 18 ұйым мен 28 спорттық мекеме қызмет көрсетеді.

2024 жылы Талдықорған қаласындағы орталық стадионның қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды. Инвестор есебінен салынған волейбол спорт түріне арналған оқу-жаттығу кешені мен спортшыларға арналған 40 орынды жатақхана пайдалануға берілді. 2025 жылы 200 спортшыға арналған спорттық және көркем гимнастика жаңа спорт кешенінің құрылысы жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, «Жетісу Қолдау» қоғамдық қорының демеушілігімен үстел теннисі орталығы қолданысқа берілді. Жалпы айтқанда қалада 791 тегін спорттық секция жұмыс істейді, 59 000-нан



астам бала мен жасөспірім спорттың 30-дан астам түрімен шұғылдануда.

Талдықорған қаласында түрлі спорттық шаралар мен жарыстар өткізу дәстүрге айналған. Мысалы, 2024 жылдың желтоқсан және қаңтар айларында қалада «Bala Liga Talldykorgan» чемпионаты 90 команда, 1800-ден астам баланың қатысуымен өтті.

Еліміз бойынша алғаш рет Талдықорған қаласында «Мектеп барысы» жобасы бастау алды. Бұл жобаның негізгі мақсаты – ұлттық спорт түрлерін, оның ішінде қазақ күресін насихаттау және жастарды осы спорт түріне тарту. Аталған жобаға 27 мектептің балуандары қатысты. Ал, 2025 жылдың 18 сәуірінде «Жастар» саябағында «Мектеп барысы – 2025» жобасының ақтық кезеңі өткізіледі деп күтілуде.

Қорыта айтқанда, Талдықорған қаласында бұқаралық спортты дамытуға арналған ауқымды жұмыстар жүргізілуде. 78 953 қала тұрғыны спортпен жүйелі түрде айналысады. Бұл жалпы тұрғындар санының 42%-ын құрайды. Спорт – денсаулық кепілі. Сондықтан да, тұрғындардың денсаулығын жақсартуға, спортқа деген қызығушылығын арттыруға және жастарды спортқа тартуға бағытталған жұмыстар жалғасын табады.

ҰЛТТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖОБАСЫ

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Еліміздің энергетика саласында жылыту маусымының нәтижелі аяқталып және алдағы ауқымды жаңғырту жұмыстар туралы хабарланды. Айтар болсақ, 2024–2025 жылғы жылумен жабдықтау бойынша күзгі-қысқы маусым күрделі оқауларсыз өткен. Бұл жұмыстарға қарап, Қазақстан Үкіметінің қабылдаған шараларының нәтижелі болғанын көруге болады. Осының барлығы да халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған Президент тапсырмасының іс жүзінде орындалғандығын көрсетуге.

Ақпаратқа сүйенсек, маусымға дайындық 10 энергетикалық блоктың, 55 қазандықтың және 45 турбинаның күрделі жөндеуі қамтылып, ЖЭО және жылу желілеріндегі жоғары тозуды азайту процесін бастауға мүмкіндік берген. Электр станцияларындағы технологиялық бұзушылықтар саны 27%-ға (1 070-тен 782 жағдайға) азайған. Алдағы маусымға дайындық басталып кетті. Өңірлердегі 66 жылу орталығында 53 қазандықтың жөндеуі мен реконструкциясы жоспарланып отыр. Қыс қамын ерте бастан ойлаған дұрыс. Ұлттық энергетикалық модернизация жобасы аясында бірқатар жұмыстар атқарылатындығына қуаныштымыз.

Осылайша, суық ауа райы аяқталғаннан кейін 17 мың шақырым электр желісі мен 323 шақырым



жылу магистралін жаңарту басталмақшы. Ұлттық энергетикалық модернизация жобасы аясында 77,5 мың км электр желілері мен 1,6 мың км жылу желілері жаңартылатын болады. 2029 жылға дейін бұл электр желілерінің тозуын 45%-ға, жылу желілерінің тозуын 42%-ға азайтуға мүмкіндік береді екен. 2029 жылға дейін 29 жобаны аяқтап, электр станцияларының орташа тозуын 40%-ға дейін азайту жоспарланып отыр. Қазақстанның энергетика саласы сенімді жылумен жабдықтауды, ауқымды жаңғыртуды және «жасыл» энергетиканың өсуін үйлестіре отырып, тұрақты дамуға қол жеткізуде.

Мұратбек ҚОЖАБЕКОВ,
Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі
төрағасының орынбасары



СЕНБІЛІКТЕ 250 ТОННА ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛДЫ

Облыс орталығы Талдықорғанда «Таза Қазақстан» акциясы аясында жалпықалалық сенбілік

ұйымдастырылды. Қала аумағын тазарту жұмыстарына облыстың басқармалар, жастар саясаты саласының өкілдері, білім беру мекемелері мен мердігер ұйымдар жұмылдырылды. Жалпы 1000-ға жуық адам белсенді түрде қатысты.

Сенбілік барысында Қаратал өзенінің жағалауы, «Самал» және «Мүшелтой» шағын аудандарындағы аулаишілік жолдар, автовокзал маңы және барлық саябақтар тазартылды.

Тазалық жұмыстарына 23 дана жүк көлігі мен қоқыс тиегіш техника тартылып, 1000 дана шаруашылық құрал-жабдықтар ұсынылды. Экоакция барысында табиғат жанажырлары шаһар аумағынан 250 тоннаға жуық қоқыс шығарды.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

АРБАТ ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ
ЖАҢҒЫРТЫЛМАҚ

Әкімдіктің мәжіліс залында қала әкімі Ернат Бәзіл Біржан сал көшесі бойында жабайы сауда-саттықпен айналысып жүрген саудагерлерді қабылдады.

Кездесу барысында саудагерлер Біржан сал көшесінің абаттандырылуына қатысты мәселе көтеріп, одан әрі жабайы саудамен айналысуға рұқсат беруді, жобаны қайта қарауды және басқа аумаққа көше алмайтындықтарын жеткізді.

Өз кезегінде қала әкімі ұзақ жылдар бойы жаяу жүргіншілер жолын жабайы сауда алаңына айналдырып келген саудагерлерге заң аясында жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, мәселені шешу жолдарын ұсынды. Мәселен, қала аумағынан 3 арнайы орын бөлініп, үш айға дейін жалдау ақысын төлемей жұмыс істеуге мүмкіндік берілетіндігін айтты. Биыл Біржан сал және Төлебаев көшелерінің жаяу жүргіншілер жолдарын заман талабына сай абаттандыру жұмыстары басталады. Бұдан бөлек, 10 жылдан аса жөндеу көрмеген Арбат демалыс аймағы да қайта жаңғыртылып, тұрғындар игілігіне қызмет етпек.

МӘСЛИХАТТА

ЖАЗҒЫ СУАРУ
МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Ағымдағы жылдың 15 сәуірінде Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясының отырысы өтті. Күн тәртібінде «Жазғы суару маусымына дайындық туралы» мәселе қаралды.



Отырыс барысында «Қазсушар» РМК Ескелді өндірістік учаскесі басшысының орынбасары су беру мәселесі және гидротехникалық құрылыстар мен су өткізгіш арналарға қатысты мәселелер туралы баяндама жасады. Сондай-ақ, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің өкілі ішкі қалалық арық желілері мен инженерлік құрылыстардың дайындығы жөнінде баяндады.

Күн тәртібіндегі мәселені егжей-тегжейлі зерделеу мақсатында отырыстан кейін депутаттар Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі және «Қазсушар» РМК өкілдерімен көшпелі отырыс өткізіп, ағымдағы жағдаймен танысты.

МӘСЕЛЕ

70 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ РЕТКЕ
КЕЛТІРІЛМЕК

Талдықорғанда ұзындығы 22,2 км 26 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.



Биыл Талдықорған қаласында 70 шақырымнан аса жол ретке келтіріледі.

Сондай-ақ қала бойынша жолдарға орташа жөндеу жұмыстары да басталды. Атап айтқанда, Еркін ауылындағы Кенжебаев көшесіне асфальт жамылғысы төселсе, 3-ші бөлімшеде жолдарды күрделі жөндеу жұмыстары да басталып, 7 көшенің 6 шақырымына асфальт төселмек. Бұл жобалар 2024 жылы қолға алынып, кезең-кезеңімен жалғасуда.

(Қала әкімінің баспасөз қызметі материалдары негізінде дайындалды)

ҰЛАҒАТ ҚАРТ МАЙДАНГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Талдықорған қаласында тұратын соғыс ардагері Төлеубай Шектібаевқа құрмет көрсетілді.

Бұл жолы соғыс ардагеріне құрметті «Ясли сад «Нур Газиз» ЖШС жасады. Жетісу гарнизоны әскери қызметшілері тәрізді әскери киім киген қолдарында гүл шоқтары бар балабақшада тәрбиеленуші ұл-қыздар аталарын құттықтауға асықты.

Бүлдіршіндер майдангер атамызға гүл шоқтарын беріп, өздерінің Жеңіс күніне арналған тақпақтарын айтып берді. Көзі ашық, көңілі асқақ ардагер атамыз өз батасын беріп бүлдіршіндермен естелікке суретке түсті. Балабақша меңгерушісі Шынарай Жұмабекованың



айтуынша, бүлдіршіндердің 100 жастағы ҰОС ардагері Төлеубай Шектібаев атаммен кездесуі патриоттық тәрбие беру, бейбіт өмір үшін өз өмірлерін қиған майдангерлерге тағзым ету болып табылады.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі

ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ БАЛАСЫ ЖӘЛМЕНДЕҢІН ПЫШАН ЕДІМ...

Ақын, сазгер Пышан Жәлмендеұлының 140 жылдығына арналған «Баласы Жәлмендеңі Пышан едім» атты республикалық ғылыми-танымдық конференция өтті. Шығармашылық мұрасын сақтау, насихаттауға бағытталған жиын барысында облыс әкімінің қолдауымен жарық көрген «ПЫШАН-ПЫРАҚ» атты кітаптың тұсауы кесілді.



Алғашқы сөз Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетовке берілді. Ол «Қазақ халқының өткеніне үйіліп, ұлы тұлғаларды еске алу біз үшін маңызды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайдың 4-ші отырысында ұлттың дамуына елеулі үлес қосқан тұлғалардың мерейлі даталарын атап өтудің маңыздылығын айтып өткен болатын. Әрбір ұлы тұлғаның мерейлі күні - ұрпақ мақтанышы. Себебі, олардың еңбегі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұлттың болашағына ықпал етуші. Қасиетті бабалардың салған сара жолы біздің Жетісу жерінде сайрап жатыр. Сол данагөй бабалардың бірегейі - Пышан Жәлмендеұлы. Ол небәрі 17 жасында болыс болып, ел басқарған тұлға. 1921 жылы жала жабылып, 37 жасында ату жазасына кесіліп, Шайқорғанда жерленген. Ақынның шығармашылығы терең философиялық ойларымен, адамгершілік құндылықтармен және әділдікке деген ұмтылысымен ерекшеленеді. Оның өлеңдері мен әндері халық арасында кең таралып, бүгінгі күнге дейін сақталған. Ақынның рухани мұралары туған халқы мен оның ізін жалғайтын ұрпақтары бар кезде жылдан-жылға өлмек емес»-деп биылғы жылы ағартушы, этнограф Шоқан Уәлиханов пен жыршы әрі батыр Бақтыбай Жолбарысұлының 190 жылдығы, хакім Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы, әнші, актер, режиссер Қанабек Байсейітовтің 120 жылдығы, әйгілі күйші, композитор Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы, жазушы, журналист Әнуар Әлімжановтың 95 жылдығы, актер Құман Тастанбеков пен ақын Жұматай Жақыпбаевтың 80

жылдығы Жетісу облысы бойынша аталып өтілетінін тілге тиек етті. Сондай-ақ, бағдарлама аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Анарбай Бұлдыбай, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Бексұлтан Нұржекеұлы, Жетісу және Алматы облыстарының Құрметті азаматы, қаламгер Наурыз Қылышбаев, заң ғылымдарының докторы, ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әмірәлі Жалаириі дерек пен дәйекке негізделген баяндама жасады. Жетісу облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов «Зобалаң жылдарында жазықсыз атылып кеткен қазақ зиялысының бірі Жетісуда өмір сүрген Пышан Жәлмендеұлының есімі қазақтың Ақан сері, Естай, Үкілі Ыбырай, Біржан сал сияқты еркін ойлы өнер дүлдүлдерінің қатарында аталады. Өзі орысша білім алған сауатты, жүйрік ұстап, құс салған саятшы, ділмар шешен әрі қара қылды қақ жарған әділ болған адам. «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» дегендей артында өшпес із қалдырған Пышан бабамыздың есімі ұмытылмақ емес»-деп атап өтті. Айта кетейік, Пышан Жәлмендеұлы атаңдағы бірінші республикалық «Сұңқар едім шөлдегі, сұлтан едім елдегі» атты дәстүрлі әншілер байқауы облыс орталығы Талдықорған қаласында жоғарғы деңгейде ұйымдастырылды. Аталмыш байқаудың бас жүлде иегері Д.Рақышев атындағы облыстық филармонияның әншісі Есхат Нұрәли әннен шашу шашты.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ЖАҢА БАҒЫТТАР ЕНГІЗІЛУДЕ

спарлануда. Колледжде барлығы 15 шеберхана, 1 зертхана, 22 оқу кабинеті, 200 орындық акт залы, спорт залы, 2 ашық спорт алаңы, 120 орындық асхана, кітапхана бар. Қазіргі таңда «Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару», «Токарлық іс», «Дәнекерлеу ісі», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану», «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану», «Слесарлық іс» бойынша мамандар даярлануда. «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану» мамандығында оқып жүрген Ақниет Мағауия «Мұнда біз тегін оқимыз, стипендия аламыз, жатақханамен де қамтамасыз етілгенбіз. Яғни, біздерге қажетті барлық жағдай жасалған. Байқап отырғандарыңыздай білім алушылардың басым көпшілігі - ер балалар. Бұған қарамастан бүгінгі күні қыздар қауымы да аталмыш кәсіптерді меңгеріп жүр. Алдағы уақытта Жетісудың - өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесімізді қосуға ниеттіміз»-деп оның мамандығы қазір барлық аймақта сұранысқа ие екендігін айтып өтті. Білім беру дәстүрлі және дуалды жүйе бойынша жүргізіледі. Дуалды жүйе бойынша ірі кәсіпорындармен, атап айтқанда «ТК Метакон» ЖШС, «Темирбетон» ЖШС, «Механикаландырылған жұмыстар» ЖШС, «Қайнар-АКБ» ЖШС, «Тавиди» ЖШС келісімшарттар жасалған. Директор Әсет Жұмаділов білім шаңырағы 2021 жылы «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша «Жас маман» жобасына қатысып, 307 млн. теңгеге жабдықтар алынып, «Құзыреттілік орталығы» ашылғандығын атап өтті. Басшылықтың мәлімдеуінше өзара ынтымақтастық жөнінде 20 мекемемен, халықаралық ынтымақтастықта 4 оқу орнымен меморандум жасалған.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ ҰМЫТЫЛМАС ҰЛАҒАТ

Ұлы Отан соғысының ардагері Алтай Ақылбекұлы 1910-1988 жылдары Жетісу өңірі мен Кербұлақ аудандарына белгілі азамат болған.



Соғыс және еңбек ардагері Алтай Ақылбекұлы 1910 жылы бабаларының ата қонысы, қазіргі Шоқан ауылының маңындағы «Көшен тоған» деген жерде дүниеге келген.

Отан соғысының ардагері атақты Сталинград шайқасына қатысқан, соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл Ту», «Ленин» ордендерімен және «Ерлігі үшін», «Сталинградты азат еткені үшін» т.б. көптеген медальдармен марапатталған. Айтар болсақ,соғыстан кейін көп жылдар бойы өзі басқарған Доланалы ауылының орталық көшесіне Алтай Ақылбекұлының есімі берілген. Жерленген жері – Кербұлақ ауданы Шоқан ауылы.

Алтай Ақылбекұлы Абылай ханның 1765 жылы Жетісуды басқаруға жіберген ұлы Әділ Абылайхановтың ұрпағы. Әділ Абылайхановтың атақты балаларының бірі Ералы сұлтан Алтай Ақылбекұлының арғы атасы. Ералы сұлтан 1840 жылдары қайтыс болып, «Көшен тоғандағы» төребейітте жерленген. Ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов Тезек төренің ұйғарымымен осы Ералы сұлтанның мазарының жанына жерленген. Осы қорымда Алтай Ақылбекұлының аталары Көшен төре мен Сағындық төрелер де жерленген. Ал туған әкесі Ақылбек жақын ағайындарымен бірге қазіргі Кербұлақ ауданы Бостан ауылының маңындағы «Боршабұлақ» деген жерде 1920 жылдары «қызыл әскердің» қырғынына ұшырап, опат болған.

Алтай Ақылбекұлы – ерекше зерек адам еді, жастайынан жетім қалғанына қарамастан, өздігінен іздене жүріп оқып, ескіше мұсылманша, жаңаша латынша, соғыс жылдарында орысша білім алған. Арабша, латынша, орысша еркін оқып, жаза алатын Алтай ата тарихшы, шежірешіл, қазақ халқының аңыз-дастандарын, ән мен күйлерін, салт-дәстүрі мен ауыз әдебиет мұрасын жете білетін, өте оқымысты адам болған еді. Жүйрік ат, құмай тазы ұстаған, Алтынменел, Күреңбел өңірінің атақты саятшысы.

Бір өкінішті жағдай – қайтыс боларының алдында өзі айтқан өсиеті бойынша «Көшен Тоғандағы» төребейітте жатқан атасы Сағындықтың қасына жерленбеді. Сол кездегі кеңес үкіметінің облыстық, аудандық органдары басшылары рұқсат бермей, Шоқан ауылының жоғарғы жағындағы бейіттен қайтадан қабір қазылып, сонда жерленді.

Жыл сайын 9 мамыр Ұлы Жеңіс күні қарсаңында мектепте соғыс ардагерлерімен өткізілетін кездесуден кейін, үйге келгенде «Ата, сұрапыл соғыста сыналып, шындалған солдат қандай болуы керек?» деп сұрақ қоятын едім.

Сонда кеуде тұсындағы соғыс салған жараның орнын сау қолымен сипап отыратын әдетімен, балам, ойлы сұрақ қойғаныңа қарағанда, менің командирім болған Иван Бережнойдың «Солдат должен быть не только храбрым, смелым но и умелым и смекалтистым» (Солдат батыр және тапқыр болуы керек) деген сөзінің мағынасын сен де түсініп алатын уақытың келді,- деп айтқан мына әңгімесі есімде.

«Білесің, мен соғыста пулеметші болғанмын. Бірде жаңа шеп құрып, окоп қазып, орналасып жатқанымызда, тексеріп келген командиріміз оң қапталдағы, бізден 50-60 метр жердегі төбешікті нұсқап, сол жерден алдын ала тағы бір пулемет орнын қазуға бұйрық берді. Егер жау шабуылы басталып, күші басым болып бара жатса, менің бұйрығымды күтпестен, сол жаққа позиция ауыстырыңдар деді.

Кейін белгілі болғандай, бұл оның пулеметті есепке ала отырып, аман сақтап қалу үшін ойластырған тапқырлығы еді. Қиян-кескі ұрыс басталғанда, жан-жақтан анталаған неміс танкілері біздің шебімізді бірнеше жерден бұзып өтуге әрекет жасап бақты. Мен, көмекші жауынгер Василий Сидоренко екеуіміз пулеметімізді жер бауырлай сүйреп, төбешіктің жанында дайындап қойған орнымызға жете бергенде, жанымызға суылдап келіп, әлде миномет, әлде зеңбірек снаряд па, қара топыраққа жартылай шаншыла құлады. Біз шұңқыр түбіне жата қалдық, бірақ жарылыс естілмеді. Сәлден соң оның жарылмай қалғаны белгілі болды.

Пулемет лентасын түзеп жатқан Васяның «слева танк» деген жан даусы шықты. Екеуімізде бір бума ғана граната бар еді. Мен дереу каска мен шинелімді шешіп, пулеметшіге ұқсатып орналастырдым да, Васяға төбешіктің ар жағына аунап кет деп белгі бердім. Ондағы ойым, кішкене тесіктен сығалайтын танк жүргізушісінің біздің орын ауыстырып кеткенімізді байқамай қалсын дегенім еді. Ол кете салысымен, өзім жанымыздағы басқа шұңқырға жасырынып, танкті күттім.

Сыртқы айқұш-ұйқыш боялған, әлдебір суреттер салынған, сұры жаман танк пулемет позициясына ышқына жақындап, жарылмай қалған снарядтың тұсына келгенде, мен жалғыз гранатамды сол жерге дәл лақтырдым да жата қалдым. Жарылыстың күшті болғаны сондай, неміс танкісінің айналмалы башнясы жұпынып түсіп, өзі еңіс жаққа қарай аударыла құлап, өртке оранды. Сол шайқастан кейін біздің саяси қызметкер (замполит) танк экипажының басқалардан ерекше қауіпті, аса айлакер, қатерлі болғаны туралы, олардың көзін біздің жойғанымызды жоғары бағалап, алғыс айтқан болатын. Міне, осы батылдығым мен тапқырлығым үшін, маған «Қызыл жұлдыз» ордені берілген еді»-деп атам әңгімесін аяқтаған болатын.

Бағдат АҚЫЛБЕКОВ,
немересі

ТИЛ – ТҒЫР ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ НЕГІЗІ – МЕКТЕП

Білім беру саласының тиімді ұйымдастырылуы мен жүйелі дамуы кадрлық басқару мен құжат айналымының дұрыс жүргізілуіне тікелей байланысты. Мектеп – тек білім ордасы ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық жұмыстары жоғары деңгейде жүргізілуі тиіс мекеме болып табылады. Филолог мамандығы бойынша іс-жүргізуші лауазымымен Мойнақ ауылындағы №23 орта мектепте өткізген практика осы саладағы маңызды аспектілерді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Мектептегі іс жүргізу жүйесі мемлекеттік стандарттарға сай реттелген. Құжат айналымының дұрыс ұйымдастырылуы оқу үдерісінің сапалы жүргізілуіне және мекеме қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Практика барысында мен мектептің негізгі құжаттарымен, олардың рәсімделу және сақталу тәртібімен таныстым. Әр құжаттың стилистикалық дұрыстығына, құжаттың заң талаптарына сәйкестігіне ерекше мән берілді. Құжаттар мемлекеттік ресми стиль талаптарына сай жазылуы тиіс. Іс қағаздарын рәсімдеу барысында нақты, дәл және қысқа ақпарат беру басты шарт болып табылады. Ресми стильде жазылған құжаттар мекеменің заңды негізде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, ал публицистикалық стиль мекеме қызметінің маңыздылығын, білім беру саласындағы жетістіктерді қоғамға таныстыруда қолданылады. Ресми стиль жеке құрам құжаттарын (еңбек шарттары, бұйрықтар, қызметтік хаттар, есептер, актілер) және негізгі құрам құжаттарын (мекеме жарғысы, жоспарлар, есеп беру құжаттары, бұйрықтар) жүргізуде маңызды рөл атқарады.

Кадр бөлімі және іс жүргізу маманы ретінде бұл мектептегі тәжірибем маған үлкен кәсіби шыңдалу мектебі болды. Құжат айналымын жүргізу, ресми хат алмасуды ұйымдастыру, еңбек заңнамасын сақтау талаптарын бақылау, мекеменің ішкі тәртібін қамтамасыз ету бағытында жаңа білім алдым. Сонымен қатар, іс жүргізу талаптарының білім беру саласындағы ерекшеліктерін меңгеру арқылы мекемедегі басқару жүйесінің күрделілігін түсіндім. Әрбір құжаттың рәсімделуі мен сақталуы, заң талаптарына сәйкестігі, қызметкерлердің еңбек қатынастарын дұрыс реттеу – мекеменің тұрақты дамуына тікелей әсер ететін негізгі фактор. Көптеген құжаттардың рәсімделуі мен қолдану аясын жетік меңгеруге жағдай жасаған мектеп ұжымына және практика жетекшіме алғысымды білдіремін.

Меруерт АНАРБЕК, ФҚ-311

ЖАС ҚАЛАМ ТҰСАУКЕСЕР

Заман түзеліп, дәуір озған сайын ақындық әлеміне ойысқан жас буындар легі көзге шалынады. Бір ғажайып, осынау жас өркеннің ақынжандылық сөз орамы, ой толғамы өзгешелеу өріске бет бұрғандай. Сауаттылық өлшеммен қарасаң да өлең өлкесіне ойысқан жас ақынның мәнері ұйқас қумай мазмұн тереңдігіне мән беретіндей көрінеді.

Жас талапкер Айнар Айдыңқызының ақындық беталысын құптай келе, жолашар ретінде тұсауын кесіп, ақ сапар тілегенді жөн санаймын.

Кенжехан РАҚЫШ,
ақын, Қазақстанның Құрметті журналисі.



Айнар
АЙДЫНҚЫЗЫ

Азамат

Сенсің менің көңілімнің тілеуі,
Сенсің менің өмірімнің тірегі.
Жетелейтін армандарға, биікке
Орындалсын екі жүрек тілегі.

Қол ұстасып жүрсек деймін әрдайым,
Келер біздің күндер жайлы бар уайым.
Қадам басқың бір тағдырға келе ме?
Сенесің бе? Мендік жүрек нық дайын.

Себеп болдың мәз күлкімнің нұрына.
Жасырмаймын, айтамын мен тағы да.
Сезім оты өшпей, сөнбей, лауласын,
Бір сұрарым – болшы мәңгі жанымда.

Керексің сен ауадай,
Жетер саған адам қай?
Жүрсем сенің жаныңда
Мәз боламын баладай.

Өміріме келгеніңде,
Көңіліме енгеніңде,
Сездім нағыз махаббатты,
Үміт шамын бергеніңде.

Жүздесеміз біз қашан?
Жауап берер бар ма жан?
Болмаса да қолым бос,
Ойымдасың әрқашан.

Сағыныш сазы

Мейлі жанымда сен болсаң да,
Мейлі алыста сен болсаң да,
Сағынышым басылмайды ешқашан,
Ойымдасың, көкем менің, әрқашан.

Білмейсің сен қанша жастың төгілгенің,
Күндер өтер жанның қалай бүгілгенің?
Саған деген сезімдімді бар әлемге айтайын,
Өлең арнап сағынышты тырысып бір басайын.

Күйінбеймін, күйінуге болмайды,
Берілмеймін, жаным болмашы шыдайды.
Аман-есен оралуың-тілегім,
Жүрші әрдайым жанымда сен, керегім.

Мама

Бар өмірде мінсіз бір жан
Өз перзентін сезетін.
Күндей жарық, секілді шам,
Жылу сезім беретін.

Көңілі ақ бар адам,
Көздерінде мейірім.
Ол – бір сенсің, жан анам,
Үлгі сенің пейілің.

Алақаның жұп-жұмсақ,
Қуат берер ұстасам.
Риза болар көңілім,
Құшағыңда балқысам.

Қамқоршысың ошақтың.
Алғыс айтам барыңа,
Мама, сенің махаббатың
Күш береді жанымға.

Өткенге сен болма құл,
Туыс, жақын, біз барда.
Қиыншылық – сынақ бұл,
Алға қарай адымда.

КӘСІБИ ДАМУ КУРСТАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ

Қазіргі әлемде білім беру саласы қарқынды дамып, жаңа талаптар мен міндеттерді алға қояуда. Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы – заман талабы. Осы орайда 2025 жылдың 31 наурыз бен 11 сәуір аралығында «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының ұйымдастыруымен өткізіліп жатқан «Білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбындағы 80 сағаттық курс әрбір педагог үшін біліктілігін шыңдауға, педагогикалық шеберлігін арттыруға және ең бастысы – білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құнды шара болды.

Курсқа Жетісу облысының Ақсу, Көксу, Қаратал, Ескелді аудандары мен Талдықорған қаласының білім беру ұйымдарындағы педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, педагог-ұйымдастырушылар және сынып жетекшілері қатысты. Осы мамандар балалармен тікелей жұмыс жасайтындықтан, олардың зорлық-зомбылықтың алдын алудағы рөлі ерекше. Бұл курс – тек қана білім көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, педагогтің күнделікті жұмысындағы өзекті мәселелерді шешуге нақты көмек көрсететін, тәжірибеге бағытталған курс деп айтуға болады.

Курс барысында берілген дәрістерде буллинг, кибербуллинг, физикалық, психологиялық және сексуалдық зорлық-зомбылық сияқты мәселелердің алдын-алудың жолдары жан-жақты қарастырылды. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу жөніндегі педагогтің қызметін реттейтін мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелері туралы жүйелі білім берілді. Білім беру ортасындағы зорлық-зомбылықтың (шиеленістің) пайда болу себептері жан-жақты қарастырылып, жіктеліп, әлемдік және отандық практикада зорлық-зомбылықтың алдын алу тәжірибесіне салыстырмалы талдау жүргізілді. Зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептерін, оның балалардың психикалық және физикалық дамуына тигізетін теріс әсерін,



педагогтерге зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы тұрудың тиімді стратегияларын, кибербуллингпен күресудің жолдарын, зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға психологиялық көмек көрсетудің әдіс-тәсілдерін қалай қолдануға болатындығы кеңінен түсіндірілді.

Курстың педагогикалық тәжірибеге қосар үлесі орасан зор. Бұл курс тек қана мектеп ішіндегі зорлық-зомбылықтың алдын алумен шектелмейді. Ол сонымен қатар отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайтуға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда ата-аналармен педагогикалық-ағарту жұмыстарын жүргізуге бағытталған білімдерді де қамтыды. Курс барысында интерактивті әдістер, тренингтер, іскерлік ойындар және нақты жағдайларды талдау сессиялары кеңінен қолданылды. Бұл педагогтерге теориялық білімді практикамен ұштастыруға, әріптестерімен тәжірибе алмасуға және өзара қолдау көрсетуге мүмкіндік берді.

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының ұйымдастыруымен өткізіліп жатқан курс – әрбір педагог үшін кәсіби өсудің, біліктілікті арттырудың және ең бастысы – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды құралы. Әрбір педагогтің осы курстан алған білімі мен тәжірибесі арқылы білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға және салауатты, бақытты ұрпақ тәрбиелеуге өз үлесін қосатынына сенімдіміз және курс тыңдаушылары атынан сапалы, тиімді курс ұйымдастырған институт ұжымына алғыс білдіреміз.

Г.ҚЫДЫРБАЕВА,
Қаратал ауданы, Көкдала ауылы,
Көкдала орталау мектебі

Шабыт

Келші маған көркем шабыт,
Жетші жылдам желмен шауып.
Керек сенің оралғаның
Сезімimde мәңгі қалып.

Жаңбырым бол сүйсіндірер,
Бораным бол сілкіндірер.
Күлкі сыйлап жүрегіме,
Аңсарым бол көп күттірер.

Алысқа ұзап кеткеніңде,
Көңілге мұң төккеніңде,
Ешнәрсеге қызықпаймын.
Сияқтымын қуыс кеуде.



Тармыс

Ішкі жанның күресі
Жақсы ма, әлде жаман ба;
Қара мен ақтың шайқасы
Дүрліктірді санамды.

Кейде ыза жеңеді,
Итермелеп ұрысқа.
Кейде бұрыс дегенім
Өзгереді дұрысқа.

Санам менің жүрекпен,
Болар ма екен бір топта.
Екі инь-янь күресі-
Бітпейтін ұзақ бір дауда.

Жаман емес секілді,
Аландатар бұл тартыс.
Зерттеу үшін өзіңді,
Керек мұндай арпалыс.



Жақсы көрем

Жақсы көрем көздеріңді жылу леппен қараған,
Жақсы көрем өзге кімді, жүрек сені таңдаған.
Жақсы көрем, неткен ғажап, бұл махаббат киелі,
Ризамын мен: ақ сезімге сенімен болдым иелі.

Жақсы көрем, жақсы көрем, айта бергім келеді,
Махаббатым жүрегіме сыймай солай ереді.
Қуанышым, жаным менің, қымбаттым,
Алла жазса, Құдай бізге ұзақ өмір береді.

Жақсы көрем,
Жақсы көрем,
Жақсы көрем.

Неткен жансың төзімді

Жазуға өлең өзіңе,
Қиналамын папатай.
Жас төгіліп бір демде,
Көңіл босап қалады-ай.

Айтуға сөзім жетпейді,
Жүректегі сезімді.
Ойымнан еш кетпейді:
Неткен жансың төзімді.

Дүрліктірді өмірің,
Жастық шақтың заманы.
Болашақтың көпірін
Сонда да салдың ғажапты.

Туыстардың таласы.
Көңіліңді қалдырды.
Қалай болды жалғасы,
Еске аласың бұрынды.

Жүрдің үлкен тартыста,
Мамамды сен қорғаштап.
Жүргенсіңдер ұрыста,
Татуласып, қол ұстап.

Екі перзент сүйдірген,
Мамама сен қамқорсың.
Жәудірген көзіңнен,
Сен-сүйікті жан доссың.

Қыз, ұлыңды мәпелеп,
Тәрбиелеуден жалықпай,
Еркелетіп, жетелеп,
Қатал болдың жылатпай.

Әлі де төзіп келесің,
Жаман менен азапқа.
Жақсыға да сенесің,
Бұл жарасады қазаққа.

Жаныңдамыз әрқашан,
Ұмытпашы сөзімді.
Айналайын папажан,
Неткен жансың төзімді.

ТӨРБИЕ

«ҰСТАЗ» ФИЛЬМІНІҢ АКТЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

Ұстаз туралы ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Ұстаз – ұлы есім» гесе, батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы «Ұстаз- ұлық емес, ұлы қызмет» деп баға берген екен. Ал, Жетісу жерінде түсірілген «Ұстаз» фильмінің идея авторы – белгілі журналист Бейсен Құранбек, сценарийін жазған – Гүлмира Зербай. Ал қояушы режиссері – жетісулық жас талант Ерлан Ұшақпаев.

«Еңбек ауылындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар №22 орта мектеп» КММ-де «Ұстаз – ұлы тұлға» атты тәрбиелік шара өтіп, оған «Ұстаз» фильмінің актерлері шақырылды. Кездесуге фильмінің сценарисі – Зербай Гүлмира Қадырқызы, Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Талдықорған театрының негізін қалаушылардың бірі, театр және кино актрисасы – Ыдырышева Әлихан Оразғалиқызы, ҚР Мәдениет қайраткері Нұғманов Абай Мылханұлы, фильмінің басты кейіпкері Ілиястің рөлін сомдаған талантты актер – Еркебұлан Айдынбаев келді.

«Мұндағы мақсат – фильмінің мазмұнын, маңыздылығын талқылау және білім мен ұстаздық қызметтің қоғамдағы рөліне назар аударту», -дейді шараны ұйымдастырушылар, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айман Сағындықова мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Айзат Қомпыш.

Алғашқы сөз кезегін алған Гүлмира Қадырқызы аталмыш фильмінің туу тарихына тоқталды. «Фильмнің идеясының авторы Бейсекең. "Айтуға оңай" бағдарламасында әртүрлі мәселелер көтерілетін, сондай өзекті тақырыптардың бірі мұғалімнің беделі мен мәртебесіне қатысты түсірілім болды. Сол бағдарламадан кейін Бейсекең қоғамда ұлағатты ұстаздың тұлғасын насихаттайтын фильм керек деген тоқтамға келді. Сөйтіп ұзаққа созбай фильмінің сценарийіне кірістік. Сценарий 2018 жылы жазылды, дегенмен оны түсірудің ыңғайы осы кезге келді. Бейсекеңнің шәкірттері Ерлан Ұшақпаев пен Әділбек Әбіл бастама көтеріп, осы фильмді түсірсек деген ұсыныс жасады. Жетісу облысы әкімдігінің, "Жетісу" телеарнасының қолдауымен "Ұстаз" фильмі көрерменге жол тартты. Inspire Creative Group шығармашылық тобы, Б. Римова атындағы Жетісу облыстық драма театрының және оқушылар сарайындағы поэтикалық театрдың



актерлері осы фильмінің жарыққа шығуына атсалысты».

Бұл туындыға тоқталар болсақ, Ілияс – беделді математика пәнінің маманы. Анасының сырқатына байланысты ол Алматыдан өз туған ауылына қайтуға мәжбүр болады. Ауыл мектебіндегі 11-сынып оқушыларына ешкім үміт артпайды, олардың ҰБТ-дан құлайтынына ешкім күмәнданбайды. Ілияс бұл сыныпқа тек ҰБТ-ны тапсыруды ғана емес, өз күштеріне деген сенімділікті арттыруға, өзара қарым-қатынасты жақсартуға және балалардың басқа да әлеуметтік мәселелерін шешуге, көмектесуге тырысады. Фильмде интернетке тәуелділік, дұрыс мамандық таңдаудың маңыздылығы, ҰБТ-ның оқушылар психологиясына әсері, сондай-ақ ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі секілді мектеп оқушыларына қатысты маңызды мәселелер көтеріледі.

Міне, фильмде жас мұғалімнің туған ауылына оралуы, өзі білім алған мектепте жұмысқа орналасуы, оқушылармен байланысы, мұғалім беделін нығайтуға деген талпынысы, ұстаздықтың қиындығы мен қызығы көрініс тапқан. Жас мұғалімді сомдаған Еркебұлан бұл рөлдің өзіне қаншалықты жақын болғандығын айтып берді.

Әлихан апаны халық «Тракторшының махаббаты» фильмі арқылы таниды. Жалпы, ана бейнесін, әже бейнесін сомдаудың шебері. Ал ол ұстаздың анасы ретінде көрермен есінде қалды.

Кеш қонақтары оқушылармен бірге «Ұстазым» әнін қосыла шырақды.

Дана ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ

КЕДЕРГІСІЗ ҚОҒАМ

АЗАМАТТАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫНА КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ

Жетісу облысында халықты әлеуметтік қорғау және мүгедектігі бар азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру бағытында мемлекеттік саясат табысты жүзеге асырылуда. Бұл туралы толығырақ Жетісу облысы жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев баяндады.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыстағы 692 мыңнан астам халықтың 45 пайызы экономикалық белсенді халық санатына жатады. Оның ішінде 296 мың адам жұмыспен қамтылған. Жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ға дейін төмендеді. Облыс әкімінің 2025 жылға бекіткен Өңірлік жұмыспен қамту картасына сәйкес биылғы жылы 33,3 мың жұмыс орны құрылып, 19 мың адам тұрақты жұмыс орындарына орналастырылмақ.

Сондай-ақ, атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер отбасыларға тексеру жүргізу кезінде формальды тәсілді болдырмау үшін уәскелік комиссиялардың жұмысына жаңашылдық енгізілді. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап «FSM Social» мобильді қосымшасы іске қосылып, уәскелік комиссиялардың қызметі цифрландырылып



бар адамдар үшін арнайы жүріп-тұру құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету» жобасын қолға алынған. Мәселен, өткен жылы облыс бойынша мүгедектігі бар тұлғалардың 400-ден астам кресло-арбалары тегін жөндеуден өткізіліп берілді. Аталған жоба ерекше азаматтар жағынан кең көлемде қолдауға ие болды. Жиын соңында спикер журналистердің сауалына жауап қайтарды.

Өз тілшіміз

ДЕНСАУЛЫҚ

МӘМС: ҚАНДАЙ ПЛАСТИКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ҚОЛЖЕТІМДІ?

Пластикалық реконструктивті хирургия - бұл әртүрлі хирургиялық процедуралар жүргізілетін медицина саласы.

Осы санаттардағы кейбір жалпы тәжірибелер мен әдістер:

- 1) **Пластикалық хирургия:**
 - қол хирургиясы: қол жарақаттары, сынықтар, жүйке зақымдануы сияқты қол проблемаларын емдеу;
 - күйік хирургиясы: күйіктерді емдеу және емдеу;
 - жұмсақ тіндердің хирургиясы: жараларды емдеу, теріні трансплантациялау, ісіктерді жою сияқты жұмсақ тіндерге хирургиялық араласу;
 - травматологиялық хирургия: жазатайым оқиғалардан туындаған жарақаттарды емдеу.
- 2) **реконструктивті хирургия:**
 - сүт безін қалпына келтіру: сүт безі қатерлі ісігінен кейін жасалатын сүт безін қалпына келтіру процедуралары;
 - бетті қалпына келтіру: беттегі ісіктерді алып тастағаннан кейін бет пішінін өзгерту;
 - туа біткен ауытқуларды түзету: туа біткен деформацияларды түзету;
 - жарақаттан кейінгі қалпына келтіру: жазатайым оқиғалардан немесе басқа травматикалық оқиғалардан



кейін пайда болған тіндердің жоғалуын қалпына келтіру.

Айта кетейік, ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек өтініш беру себептеріне сәйкес бастапқы және қайталама деңгейде мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсетудің бастапқы, қайталама және үшінші деңгейінде жоспарлы тәртіппен көрсетіледі.

Ал, эстетикалық косметологиялық операцияларды жүргізу, мысалы, қабақтарды, беттерді көтеру, ринопластика, кеуде көтеру және басқалар ауру немесе жарақат болып табылмайды және ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілмейді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ПРОФИЛАКТИКА

ГИГИЕНА РУК – ВАЖНЫЙ ФАКТОР В МЕДУЧРЕЖДЕНИИ

Основным фактором передачи и распространения возбудителей инфекции, связанного с оказанием медпомощи в медицинских организациях, являются руки медицинского персонала, загрязнение которых происходит при выполнении манипуляций или при соприкосновении с различными объектами внешней среды медицинской организации (поверхности аппаратов, приборов, предметы ухода за больными, санитарно-техническое оборудование, белье, одежда, изделия медицинского назначения, перевязочный материал, медицинские отходы).

Для обеспечения эффективной обработки рук медицинского персонала, осуществляющих медицинские манипуляции, необходимо соблюдать следующие условия: подстриженные ногти, отсутствие лака на ногтях, отсутствие искусственных ногтей, отсутствие на руках ювелирных украшений, часов и браслетов, отсутствие порезов на руках, запястья не должны быть закрыты одеждой.

Различают три способа гигиенической обработки рук: мытье рук мылом и водой без применения антисептиков; обработка рук с применением антисептика (гигиеническая); хирургическая дезинфекция рук.

Мытье рук мылом и водой без применения антисептиков необходимо: перед работой с продуктами питания, приготовлением и раздачей пищи; перед едой; после посещения туалета; перед и после проведения действий по уходу за пациентом, когда нет непосредственного контакта с пациентом (смена постельного белья, уборка помещения); после контакта с неповрежденной кожей пациента (пальпация, измерение пульса, артериального давления); при приходе/уходе на (с) работу/у во всех случаях, когда руки явно загрязнены.

Обработка рук с применением антисептика проводится: перед контактом с пациентом; перед чистой/асептической процедурой; после контакта с пациентом; после контакта с объектами внешней среды в окружении пациента.

Обработка рук с применением антисептика состоит из двух этапов: мытье рук мылом и водой и дезинфекция рук кожным антисептиком.

Хирургическая дезинфекция рук нужна: перед любыми оперативными вмешательствами; перед серьезными инвазивными процедурами (например, пункция крупных магистральных сосудов); перед родами.

Гаухар ОМИРЗАКОВА,
гл. специалист отдела эпидемиологического надзора и контроля РГУ «Управление Талдықорғанского санитарно-эпидемиологического контроля»



ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН

Биылғы Жеңістің 80 жылдығына орай ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу

облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының офицері, майор Нұрлыбек Жасұлан Б.Назым атындағы орта мектеп оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу "Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран" тақырыбында жас ұрпақты отансүйгіштікке, ерлікке, батырлыққа тәрбиелеуді мақсатында ұйымдастырылды.

Сабақ барысында майор Нұрлыбек Жасұлан шекарашылардың қызметін, әскери қызметтің жауапкершілігі мен мәртебесі туралы кеңінен әңгімелеп, өзінің әскери өмір жолындағы тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар, Тәуелсіз Қазақстанның тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғаудағы шекарашылардың рөліне тоқталып, Отан алдындағы борышты абыроймен атқару – әр азаматтың қасиетті міндеті екенін ерекше атап өтті.

Осындай кездесулер жас буынның бойында патриоттық сезімді нығайтып, ел қорғаны болуға деген ынтасын арттырады сөзсіз.

Хамитжановты – жеке құрам салтанатты түрде қарсы алды.

Қатысушылар «Қарақұм» шекара бөлімшесі аумағындағы құмды жоталар мен тығыз бұталар секілді қиын жерлерді еңсеріп, өздерінің табандылығы мен патриотизмдерін көрсетті. Іс-шара барысында ҰОС ардагерлеріне арналған ескерткіш жанында шекара қызметінің ардагері Георгий Полусмаков марафоншыларға алғысын білдірді.

ерік, шие және шабдалы ағаштары егілді.

Аталған шараның негізгі мақсаты – экологиялық жағдайды жақсарту, әскери нысан аумағын көгалдандыру және әскери қызметшілер арасында табиғатқа жанашырлықпен қарау мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Бұл игі бастама қызметтік аумақтың көркеюіне өз үлесін қосып қана қоймай, әскери қызметшілердің патриоттық және экологиялық тәрбиесіне де оң әсерін тигізеді.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІНДЕГІ КӨГАЛДАНДЫРУ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Көксу» шекара бөлімшесінде көгалдандыру іс-шарасы ұйымдастырылды.

Бөлімшенің жеке құрамы табиғатты қорғау мен аумақты абаттандыру мақсатында шекара бөлімшесінің аумағына 100 дана жеміс ағаштарының көшеттерін отырғызды. Атап айтқанда, алма, алмұрт,

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ІС ЖҮРГІЗУ

2024 жылдың 2 жарты жылдығынан бастап Жетісу облысы бойынша оңайлатылған іс жүргізу жүзеге асырылуға.

Оңайлатылған іс жүргізу – аумақтық әділет АІЖМ ААЖ арқылы жүзеге асыратын атқарушылық құжаттардың автоматтандырылған орындалуы болып табылады.

Оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде жеке тұлғадан 20 айлық есептік көрсеткішке дейінгі соманы өндіріп алу туралы мынадай атқарушылық құжаттар қабылданады:

- 1) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шығарылған сот қаулылары;
- 2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды тұлғаның) қаулылары;
- 3) әкімшілік жаза қолдануға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) берген айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамалар;
- 4) берешекті өндіріп алу туралы салықтық бұйрық. Бұрышкерге оңайлатылған іс жүргізуді қозғау туралы хабарлама Мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі

ПӘРМЕНДІ КҮРЕС

Талдықорған қаласының төтенше жағдайлар басқармасы - сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу жолында халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор деп есептейміз. Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасындағы қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген.

Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың

пайда болуының алдын алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттік немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

А. БАЙДІЛДАНОВА,
Талдықорған қаласының ТЖБ аға инженері,
азаматтық қорғау капитаны

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ЖОЛАУШЫЛАР МАРШРУТТАРЫНА АРНАЛҒАН КОНКУРСТАРДЫ ЖЕҢІЛДЕТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті жанындағы кедергілерді анықтау және жою жөніндегі кеңестің отырысында жолаушылар тасымалы саласындағы әкімшілік кедергілер қаралды.

Отырысқа қатысушылар жолаушылар мен багажды тұрақты республикалық автомобильмен тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізу тәртібін талқылады. Ашықтықты арттыру және әкімшілік жүктемені азайту мақсатында автоматтандыру және электрондық форматқа көшу арқылы конкурстық рәсімдерді оңайлату бойынша шаралар ұсынылды.

Қорытынды ұсыныстарды қарастыру және республикалық кедергілер картасына енгізу үшін Агенттіктің орталық аппаратына жолданды.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті.

БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ДАМУТҮ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР ӘЗІРЛЕНДІ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) Жетісу облысының географиялық шекараларында республикалық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу қызметтері нарығындағы бәсекелестік ортаның жай-күйіне жоспардан тыс талдау нәтижелері бойынша, Тауар нарығындағы бәсекелестік ортаның жай – күйіне талдау және бағалау жүргізу жөніндегі Әдістеменің 79 тармағына сәйкес бәсекелестікті дамыту жөніндегі ұсынымдар, басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға-Талдықорған қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне жұмыста есепке алу және жұмыста пайдалану үшін жіберілді.

Бәсекелестіктің дамуына кедергі болатын жүйелік мәселелерді болдырмау мақсатында Департамент мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мен тапсырыс берушіге болашақта лоттың іріленуінің болдырмау мақсатында үлкен лоттарды жұмыс түрлеріне қарай бірнеше лотқа бөлуді ұсынды.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ «Қаратал өзенінің оң жағалауы», «Ынтымақ ауылы», «Оңтүстік-батыс тұрғын ауданы», «3-бөлімше», «Коттедж қалашығы», «Солтүстік-батыс тұрғын ауданы», «Батыс тұрғын ауданы», «Жеміс-жидек питомнигі тұрғын ауданы» егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары бойынша ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР өткізеді.

Тыңдау 29.04.2025 жылы сағат 15:00-де Талдықорған қаласы, «Бірлік» ш/а, 2А мекенжайы бойынша өтеді.

Жоба материалдарымен «Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ және «АТС град» ЖШС танысуға болады

Байланыс телефондары: 8 (778) 949 4196, 8 (707) 840 0409.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған» проводит ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ по проектам детальной планировки: «правобережье реки Каратал», «с. Ынтымак», «Юго-Западный жилой район», «3-отделение», «Коттеджный городок», «Северо-Западный жилой район», «Западный жилой район», «жилой район Плодопитомник».

Слушания состоятся 29.04.2025 года в 15:00 часов по адресу: г. Талдықорған, мкр. «Бирлик», ст-е 2А.

С материалами проекта можно ознакомиться в ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған» и ТОО «АТС град».

Контактные телефоны: 8 (778) 949 4196, 8 (707) 840 0409.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМАРДЫ ҮЕҰ ДЕРЕКҚОРЫНА МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТЕДІ

Талдықорған қаласы әкімі аппараты Үкіметтік емес ұйымдар дерекқорына мәліметтерді ұсынуудың кезекті есеп кезеңінің өтуі туралы хабарлайды. 2025 жылғы 21 сәуірге дейін Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына мәліметтеріңізді ұсынуларыңызды сұраймыз.

Осыған байланысты қоғамдық бірлестік (саяси партиялар, діни бірлестіктер мен кәсіптік одақтар түрінде құрылған қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда), коммерциялық емес акционерлік қоғам (құрылтайшысы немесе акционері мемлекет болып табылатын коммерциялық емес акционерлік қоғамдарды қоспағанда), қоғамдық, корпоративтік және жеке қорлар, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі нысанындағы үкіметтік емес ұйымдарға, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктеріне info@pro.gov.kz веб-порталында электрондық есептілік нысанын уақтылы толтыруды ұсынады.

ҮЕҰ дерекқорына мәліметтерді уақтылы ұсынбау немесе ұсынбағаны үшін Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 489-1 бабына сәйкес жауапкершілік көзделген.

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНЫ: «Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 24-73-31.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №399 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталғы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.